




**ЭКОНОМИКАНЫҢ
НАҚТЫ СЕКТОРЫ –
ЭКОНОМИКАНЫ ЖОСПАРЛЫ
ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ФАКТОРЫ**

Қазақстан экономикасының нақты секторы өсудің негізгі көзі, макроэкономикалық тұрақтылықтың негізі және қоғамдық жүйелердің тұрақты жұмыс істеуінің кепілі болып табылады. Экономиканың осы секторы ұлттық ЖІӨ-нің **38,6%-ын** қалыптастырады. Бұл ретте, мұнай-газ саласының кәсіпорындары мемлекеттік бюджетке салық түсімдерінің басым үлесін қамтамасыз етеді.

2020 жылы коронавирустық инфекция пандемиясының өршуі кезінде, көмірсутектер нарығындағы ахуал салдарынан Қазақстандағы өнеркәсіп өндірісі 2019 жылғы көрсеткішке қарағанда, **99,3%-ға** дейін төмендеді.

Сурет 1. Мұнай бағасының Қазақстандағы өнеркәсіп өндірісіне әсері



Дереккөз: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректері. Тарихи мұнай бағасы - OPEC.org және Statista.com сайттар


Алайда, **өңдеу өндірісінің тұрақты өсуіне байланысты өнеркәсіптік өндіріс индексінің күрт төмендеуіне жол берілмегенін** атап өткен жөн. Өңдеу өнеркәсібіндегі өнеркәсіптік өндіріс индексі өткен жылы 103,9%-ға дейін өсті, ал мұнай бағаларының әсер ету арнасы тау-кен өнеркәсібі көрсеткішінің 96,3%-ға дейін төмендеу факторына айналды.

Экономиканың нақты секторының басқа бағытында – **ауыл шаруашылығында, 2020 жылы өндіріс көлемінің өсуі байқалды.**

Осы бағыттағы өнімдер мен қызметтердің жалпы шығарылымы нарықтағы сұраныстың өсуі және көрсетілген мемлекеттік қолдау аясында 21,2%-ға ұлғайды.

Өндіріс көлемінің ұлғаюы республиканың ЖІӨ құрылымындағы ауыл шаруашылығының үлесін өткен жылдың қорытындысы бойынша 5,3%-ға дейін жеткізуге мүмкіндік берді.

Сурет 2. 2016-2020 жылдар аралығындағы Қазақстанның ЖІӨ қалыптастыруға ауыл шаруашылығының қосқан үлесі




Дереккөз: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректері



Тұрғын үйді пайдалануға беру көлемінің ұлғаюы елдің ЖІӨ-не құрылыс секторының үлесін 6%-ға дейін қамтамасыз етті.

2020 жылы қолданыстағы шектеу шараларына байланысты құрылыс жұмыстары көлемінің өзгеруі байқалды.

Сурет 3. 2019 және 2020 жылдардағы құрылыс жұмыстары көлемінің өзгеру динамикасын салыстыру, %-бен



Дереккөз: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректері

Қатаң шектеулер кезеңінде тұрғын үйлерді пайдалануға берудің төмендегені байқалғанын атап өткен жөн. Дегенмен, 2020 жылы 15,3 млн. шаршы метрден астам тұрғын үйді пайдалануға беру мүмкін болды, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 16,8%-ға артық.

Өңдеуші өнеркәсіптің орнықтылығы, ауыл шаруашылығы мен құрылыс секторындағы оң өсу сыртқы күйзелістердің ел экономикасына ықпалын бәсеңдетуге мүмкіндік берді және тауарлар өндірісі Қазақстанның экономикалық саясатының аса маңызды басымдығы болып қала береді.

Бұл ретте, **аталған салалар көрсетілетін мемлекеттік қолдау аясында ұлттық экономиканы жоспарлы қалпына келтіруді қамтамасыз етеді.** Осылайша, тұрғын үйді пайдалануға берудің оң серпіні ағымдағы жылдың 1 тоқсанында жалғасты, ауыл шаруашылығындағы жалпы өнім 12 аймақта ұлғайды. Бұдан бөлек, өңдеуші өнеркәсіптің көптеген салаларында да оң динамика байқалады. **Нақты сектордың осы бағыттарында өндіріс көлемін одан әрі ұлғайту** мұнай бағасын дағдарысқа дейінгі деңгейге қайтарумен қатар **ұлттық экономиканы «жандандыру» факторына айналады.**